

Кейс: Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі

БҰҰ – ның тұрақты дамуының үшінші мақсатын-халықтың денсаулығы мен әл-ауқатын іске асыру тетіктері Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында айқындалған, онда әлеуметтік кепілдіктер мен азаматтардың денсаулық үшін жеке жауапкершілігі әлеуметтік саясатты іске асырудың негізгі қағидаттары ретінде көзделген.¹

Денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру және халықтың орнықты әлеуметтік-экономикалық жағдайын қамтамасыз ету үшін «Саламатты Қазақстан», «Денсаулық» (2011 жылдан 2019 жылға дейін) денсаулық сақтауды дамытудың мемлекеттік бағдарламалары әзірленіп, іске асырылды. Бүгінгі таңда денсаулық сақтауды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы іске асырылуда.²

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Қ. Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін іске қосуды белгіледі. Сонымен қатар, мемлекет тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін сақтап қалды.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, Қазақстанның Денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігі жақсаруда, Bloomberg халықаралық агенттігінің рейтингтік бағасына сәйкес Қазақстан 2019 жылы денсаулық сақтауға арналған шығыстардың тиімділік көрсеткіші бойынша 40 позицияда тұр (2012 жылы – 111).

2019-2020 жылдардағы тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі мен МӘМС жүйесінің жаңа моделі бойынша медициналық көмек көрсету бойынша көрсеткіштер.³

Қызмет түрлері	2019 жылы	2020 жылы	% өсу
	ТМККК	ТМККК + МӘМС	
МСАК ұйымдарына бару	31 071 302	61 356 398	97
Жедел жәрдем шақырулары жеделділіктің 4 санаты	2 453 253	2 420 549	-1,3
Консультациялық-диагностикалық қызметтер, бірлік	56 457 464	159 475 958	182,5

¹ «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы»// <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1800000636>

² «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 982 Қаулысы»// <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000982>

³ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің статистикалық деректері // <https://www.gov.kz/memleket/entities/dsm/activities/281?lang=ru>

Күндізгі стационарларда емделген науқастар	1 276 478	1 126 844	-11,7
Стационарлардың қабылдау бөлімшелерінде	5 132 718	5 501 176	7,2

науқастарға көрсетілген қызмет, адам			
Науқастар тәулік бойы жұмыс істейтін стационарларда емделді	2 795 015	2 838 430	1,6
Медициналық оңалту жүргізілді, адам	123 425	132 817	7,6
Паллиативтік көмек көрсетілді, адам	13 621	13 787	1,2
Дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етілген, адам	2 852 399	3 390 120	18,9

МӘМС жүйесінің енгізілген жаңалықтарына қарамастан, елеулі проблемалар бар, оның ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты МӘМС жүйесімен қамтамасыз ету, тұрғындардың өз учаскелеріне бекемдігі, кадр жетіспеушілігі және медициналық ұйымдарды материалдық – техникалық базамен қамтамасыз ету проблемалары бар, пациенттердің медициналық көмек сапасына наразылығы айқындалған (2018 жылы медициналық көмек сапасына қанағаттану – 47,84%, 2019 жылы-48,0%).

Оқуға түсушілерге арналған сұрақтар:

1. Сіз қалай ойлайсыз, ММС жүйесінің ашықтығы мен тиімділігін қандай құралдардың көмегімен қамтамасыз етуге болады?
2. Халықты сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз ету деңгейін қандай шаралар арттыруы мүмкін?